

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА - ҚЫЗЫЛҚАЛА АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Наурызбаева Е.С.

Ғылыми жетекшісі: PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

Электрондық адресі: nauryzbaeva2206@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Ортағасырлық Қызылқала қаласы Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданына қарасты Шайыр ауылы маңында, Шерқала тауының етегінде орналасқан тарихи-археологиялық кешендердің бірі болып табылады. Қызылқала Бозашы түбегінен Хиуа мен Хорезмге бағытталған ірі сауда жолының бойында орналасуының арқасында ортағасырларда маңызды сауда және әскери бекіністік қызмет атқарған. Қаланың зерттелуі ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында Л. Галкин бастаған экспедиция жұмыстары арқылы басталып, оның топографиялық құрылымы, қорғаныс жүйесі және мәдени қабаттары жөнінде алғашқы ғылыми деректер жиналды. 2004 жылдан бастап А.Е. Астафьев жетекшілік еткен Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының археологиялық тобы зерттеуді жалғастырып, бекініс қабырғаларының құрылыс кезеңдері, қаланың даму динамикасы және өмір сүру уақытына қатысты маңызды деректер анықталды. Қазба жұмыстары барысында Қызылқаланың Х ғасырда қалыптасып, ХІІІ ғасырдың бірінші жартысына дейін өмір сүргені дәлелденді. Қала орнынан табылған металлургиялық пештер, қыш күйдіретін ошақтар, тұрмыстық және зергерлік бұйымдар, ауыл шаруашылығы құралдары, асыл тастар мен моншақтар Қызылқаланың өндірістік және сауда орталығы болғанын айғақтайды. Сондай-ақ қала маңындағы егістік алқаптар мен жүзімдіктердің болғаны анықталуы оның экономикалық әлеуетін көрсетеді. Қызылқала ескерткіші қазіргі уақытта Маңғыстау аймағының туристік және ғылыми тұрғыдан зерттелуге лайық аса құнды мәдени мұраларының бірі ретінде бағаланады.

Тірек сөздер:

Қызылқала, Хорезм, археологиялық қазба, Маңғыстау, Бекініс, Шерқала, Алтын Орда, металлургия, Ұлы Жібек жолы, мәдени қабаттар

Аннотация

Средневековый город Кызылкала является одним из историко-археологических комплексов, расположенных в Мангистауской области, Мангистауским районе, вблизи села Шайыр, у подножия горы Шеркала. Благодаря своему расположению на крупном торговом пути, ведущем с полуострова Бозашы в Хиву и Хорезм, Кызылкала в средние века выполняла важные торговые и оборонительные функции. Исследование города началось в 1970-1980-х годах экспедицией под руководством Л. Галкина, в ходе которой были собраны первые научные данные о топографической структуре, оборонительной системе и культурных слоях памятника. С 2004 года археологическая группа Мангистауского государственного историко-культурного заповедника под руководством А.Е. Астафьева продолжила изучение, выявив важные сведения о строительных этапах крепостных стен, динамике развития города и времени его существования. В результате раскопок было установлено, что Кызылкала сформировалась в X веке и просуществовала до первой половины XIII века. Обнаруженные на месте города металлургические печи, гончарные обжиговые сооружения, бытовые и ювелирные изделия, сельскохозяйственные орудия, драгоценные камни и бусины свидетельствуют о том, что Кызылкала была производственным и торговым центром. Также установлено наличие вокруг города земледельческих участков и виноградников, что отражает его экономический потенциал. В настоящее время памятник Кызылкала оценивается как одно из ценных культурных наследий Мангистауского региона, достойное туристического и научного исследования.

Ключевые слова:

Кызылқала, Хорезм, археологические раскопки, Мангистау, крепость, Шерқала, Золотая Орда, металлургия, Великий Шелковый путь, культурные слои

Abstract

The medieval city of Kyzylkala is one of the historical and archaeological complexes located in the Mangystau Region, Mangystau District, near the village of Shaiyr, at the foot of Mount Sherkala. Owing to its strategic position on a major trade route connecting the Buzachi Peninsula with Khiva and Khorezm, Kyzylkala played significant commercial and defensive roles during the Middle Ages. Research on the site began in the 1970s-1980s under the expedition led by L. Galkin, which gathered the first scientific data on the site's

topographic structure, defensive system, and cultural layers. Since 2004, the archaeological team of the Mangystau State Historical and Cultural Reserve, headed by A.E. Astafyev, has continued the study, revealing important information about the construction phases of the fortification walls, the city's developmental dynamics, and its period of occupation. Excavations confirmed that Kyzylkala was established in the 10th century and existed until the first half of the 13th century. Metallurgical furnaces, pottery kilns, household and jewelry items, agricultural tools, precious stones, and beads discovered at the site indicate that Kyzylkala served as a production and trade center. The identification of surrounding agricultural fields and vineyards further demonstrates its economic potential. Today, the Kyzylkala monument is regarded as one of the valuable cultural heritage sites of the Mangystau region, worthy of tourism and continued scientific research.

Keywords:

Kyzylkala, Horezm, archaeological excavation, Mangystau, fortress, Sherkala, Golden Horde, metallurgy, Great Silk Road, cultural layers

Кіріспе

Қазақстанның батыс өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштердің ішіндегі ең маңызды нысандардың бірі - Қызылқала қалашығы. Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданына қарасты Шайыр ауылының маңында, Шерқала тауының етегінде орналасқан бұл қала тарихи-географиялық орналасу ерекшелігімен де, археологиялық деректердің молдығымен де құнды объектілердің қатарынан орын алады. Бұл қаланы Андрей Астафьев Ақмыш сайы деп те атаған. Бұл қаланың Ақмыш өзені бойында орналасқандығынан болуы қажет. Ортағасырларда Бозашы түбегінен Хиуа мен Хорезмге бағытталған маңызды керуен жолының бойында орналасқан Қызылқала ірі сауда орталығы әрі әскери бекініс ретінде қызмет атқарған. Қаланың өмір сүру кезеңіне, архитектуралық құрылымына және мәдени мұрасына қатысты алғашқы ғылыми деректер ХХ ғасырдың 70-80 жылдары КСРО Ғылым академиясы жанындағы археологиялық экспедиция барысында жиналды. Л. Галкин жүргізген зерттеулер нәтижесінде қаланың топографиясы, қорғаныс жүйесі, бекініс қабырғаларының көлемі мен құрылыс тәсілдері жөнінде маңызды ақпараттар анықталды.

Қызылқала қалашығының археологиялық тұрғыдан жүйелі зерттелуі 2004 жылдан бастап Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының археологы А.Е. Астафьев жетекшілік еткен қазба жұмыстары арқылы жаңа деңгейге көтерілді. Бұл кезеңде қаланың құрылыс кезеңдері, қорғаныс қабырғаларының бірнеше рет қайта салынғаны, тұрғын үйлер құрылымы және мәдени қабаттардың стратиграфиясы егжей-тегжейлі зерттелді. Қазба барысында табылған қыш ыдыстар, металл балқыту пештері, кірпіш күйдіретін ошақтар, зергерлік шеберханалардың қалдықтары, ауыл шаруашылығы құралдары, тастан және металдан жасалған тұрмыстық бұйымдар Қызылқаланың дамыған өндірістік орталық болғанын дәлелдейді.

2021 жылғы қазбалар кезінде табылған 1014 жылға жататын Махмұд Газневи динары Қызылқала қаласының қалыптасуы Х ғасырдың екінші жартысына сәйкес келетінін нақтылай түседі. Қаланың ХІІІ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүруін тоқтатуына Шыңғыс хан әскерінің Хорезмге жорығы себеп болуы мүмкін екендігі археологиялық материалдармен расталады. Бұдан бөлек, қала маңында егістік алқаптары мен жүзімдіктердің болғанын дәлелдейтін деректер Қызылқаланың аграрлық-шаруашылық жүйесінің де дамығанын көрсетеді.

Ортағасырлық Қызылқала қалашығы - тек тарихи-археологиялық тұрғыдан ғана емес, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін мәдени мұра. Сондықтан да бұл ескерткішті жүйелі зерттеу және оны туристік нысан ретінде дамыту Маңғыстау өңірінің мәдени кеңістігі үшін ерекше маңызға ие.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеу жұмысының негізін Қызылқала қалашығында әр кезеңде жүргізілген археологиялық қазба материалдары құрайды. ХІХ ғасырдың 70-80 жылдарындағы Л. Галкин экспедициясының топографиялық түсірілімдері, бекініс құрылысына жүргізілген алғашқы стратиграфиялық бақылаулар және қаланың құрылымына қатысты мәліметтер негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар 2004-2021 жылдары А.Е. Астафьев пен М. Елеуов жетекшілік еткен қазбалар барысында анықталған мәдени қабаттар, құрылыс қалдықтары, металлургия пештері, қыш бұйымдар, монеталар мен күнделікті тұрмысқа қатысты артефактілер зерттеудің маңызды материалдық базасын құрады. Әдістемелік тұрғыдан стратиграфиялық талдау, салыстырмалы-тарихи тәсіл, топографиялық карта түсіру, керамика мен металл қалдықтарын типологиялық жіктеу және аэрофототүсірілім материалдарын интерпретациялау әдістері қолданылды.

Талқылау

Қазақстанның батыс аймағында орналасқан ортағасырлық Қызылқала қазіргі Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданына қарасты Шайыр ауылына жақын жерде орналасқан. Ол орталық

Қаратаудан солтүстікке қарай ағып жатқан қос бұлақ қосылған Ақмыштың қасында, Шерқала тауының етегінде орын тепкен.

Қызылқала қаласы ортағасырларда Орта Азиядағы базары қайнаған сауда сарайы, бір уақыттарда әскери бекініс болғандығы айтылады. [3;80-81 б]

Қызылқала қаласындағы зерттеу жұмыстары XX ғасырдың 70-80 жылдары басталды. Алғашқы қазба жұмысы 1978 жылы КСРО ғылым академиясының өкілі Л. Галкиннің зерттеулерінен бастау алды. Бұл жылдары Қызылқала қаласының топографиялық құрылымы мен өмір сүру уақытына қатысты болжамдар жасалып, қала мәдениеті туралы жалпылама ақпараттар жиналды. Қаланың сыртқы бөлігі мықты сом тастардан, ішкі жағы күйдірілген қызыл кірпіштен қаланғандықтан қала Қызылқала атауын алуы мүмкін. Бұл кезеңде Маңғыстау аймағында көшпелі тайпалар мен отырықшы мәдениет араласып, сауда және қолөнер ісі дамыған. Қызылқала алғашында әскери-стратегиялық мақсатта салынған бекініс ретінде бой көтеріп, кейін біртіндеп қалаға айналған. Қызылқаланың орны Жібек жолының батыс тармақтарының бірі - Каспий жағалауы бойындағы маңызды сауда бағытында орналасқан. Бұл қала арқылы Хорезм, Кавказ, Еділ бойы мен Иран-Анадолы аймақтарына қатынас жасалған. Тұз, балық, мал өнімдері, керамика, темір-мыс бұйымдары және тұрмыстық заттар сауда айналымының негізгі бөлігін құраған. Осы себепті Қызылқала тек әскери бекініс емес, аймақтық экономиканың тірек орталығы болды.

Қызылқала атауының шығуы туралы бірнеше болжам бар. Ең кең таралған нұсқа - қоныстың құрылыс материалдарымен байланыстырылады. Қала негізінен қызыл түсті күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, осы ерекшелік оның Қызылқала деп аталуына себеп болған деген жорамал бар. Бұдан бөлек, Маңғыстау өңірінде темір тотығына бай қызыл реңкті топырақ жиі кездеседі. Қала маңы да дәл осындай аймаққа жататындықтан, атаудың географиялық ерекшеліктен туындауы да ықтимал. Сонымен қатар Астафьевтің зерттеулері кезеңінде қаланың беткі бөлігінде көптеген қызыл қыш ыдыстар жатырған.

Қалаға кіретін жалғыз қақпа оңтүстік-батыс қабырғада орналасқан. Қаланың рабад бөлігі өте көп аумақ алған. Рабадта 100-ден астам құрылыс орындары сақталған, олардың орташа көлемі 15x8 м.. Қала аумағы жанындағы қабірлерді қоса алғанда шамамен 50 га жерді қамтиды. [2;9 б]

Деректер бойынша алғаш рет Л.Галкинге Қызылқала жайлы мағұлмат беріп, қаланы көрсеткен Маңғыстау өлкетанушысы, Қазақ КСР еңбек сіңірген қайраткері - Есбол Өмірбаев. Осы тұлғаның бастауымен Қазақстанның ортағасырлық құпияға толы қалаларының бірі Қызылқала зерттеуі бастау алды. Л.Галкиннің деректері бойынша қаладағы қоныстану X ғасырдың екінші жартысы мен XIII ғасырдың басын қамтиды. Алайда бұл ақпараттың қандай деректерге сүйеніп дәлелденгені белгісіз болды. Зерттеулер барысында Қызылқала қаласының тарихи маңызы мен мәдениеті туралы жаңа мәліметтер ашылды. Археологиялық қазбалар, қала тұрғындарының өмір салты, сауда-саттық, қолөнер және мәдениетінің дамуы туралы құнды деректерді ұсынды. [1;8 б]

Галкиннің жетекшілігімен жүргізілген экспедициядан кейін кезекті экспедиция 2004 жылы Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының археологы А.Е.Астафьев басшылығымен жүзеге асты. А.Е.Астафьев бастаған археологтардың басты мақсаты қаланың шекаралары мен оның құрылымын айқындау, барлық құрылыс кезеңдерін зерттеу және бұл елді мекеннің нақты өмір сүрген уақытын дәлел жүзінде белгілеу болды. Алғашқы қазба жұмыстары бекініс қамалдарын екі жағынан қазудан басталды. Нәтижесінде қаланың ұзақ жылдық тарихы бар екені анықталды. 2005 жылдан бастап археологиялық команда қамалдардың сыртқы бөлігін көлемді түрде зерттеп, қамалдың көптеген қабаттары бар екендігіне көз жеткізді. Яғни қала өмір сүру кезеңінде көптеген қайта құрулардан өткен. Халық бір жерде ұзақ уақыт өмір сүрген кезде құрылыс жиектерінің қатпарлары қалыптасады. Олардың тіршілік еткен кезеңдері нақты уақыты белгіленген тиындармен немесе зат қалдықтары арқылы айқындалады. Қызылқала қаласының бастапқы қазба жұмыстарынан үй жануарларының сүйектері, тұрмысқа пайдаланылған қыш ыдыстардың сынықтары табылды. Қаланың үстіңгі қабатынан табылған бұл қыш ыдыстардың XIII ғасырдың бірінші жартысына тиесілі екендігі анықталды. Елді мекендегі өмір Шыңғысхан әскерінің Хорезмге жасаған талқандаушы жорығынан кейін тоқтаған болуы мүмкін. Яғни Алтын Орда дәуірінде қала болмаған. Себебі XIV ғасырда өмір сүрген қалалар үшін ең үздік материалды жәдігер - Алтын Орданың суретпен әсемделген тұрмыстық ыдыстары болды, ал Қызылқаладан оған ұқсас ештеңе табылмаған. Сондықтан Қызылқала қаласының өмір сүруі тоқтаған уақыт деп XIII ғасырдың бірінші жартысын айта аламыз. Алайда қаланың негізі қаланған уақыттың дәлелдемесі көп уақытқа дейін белгісіз болып қала берді. [3;82 б]

Қала құрылысының қай уақытта салына бастағаны да ғалымдардың қызығушылығын тудырған сұрақтардың бірі еді. Бұл сұрақтың жауабы 2021 жылы қазба жұмыстарын аяқтау кезеңі барысында ғана анықталған болатын. Осы уақытта 1014 жылға жататын, Ауғанстанда соғылған Махмұд Газневи

динары (алтын монета) табылды. Бұл монета бекініс құрылысы басталмай жатып, яғни сәл ертерек уақытта ғана соғылуы мүмкін. Бірақ монетаның қала аумағына келуі Х ғасырдың екінші жартысы кезеңімен сәйкес келеді. Осы деректемелерге сүйеніп, Қызылқала қаласының Х ғасырда тұрғызылып басталғандығын аңғара аламыз.

Ал бұл бекіністің салыну тарихына келсек, өте үлкен құпияны сақтайды. Себебі орта ғасыр кезеңінде Маңғыстау аймағында өмір сүрген барлық қалалар жергілікті әктас пен қиыршықтастар арқылы салынған. Бұл дерек алғашқы уақытта Қызылқаланың салынуына басқа мемлекет архитектурасының ықпал еткенін дәлелдейді. Ықпал етуші мемлекет - көршілес азиялық мемлекет Хорезм болуы әбден мүмкін. Хорезмнің саз балшықтан сәулет салу өнері қаланың салынуына кепіл болды. Сонымен қатар Қызылқала қаласының жақын маңайында ешқандай айтып өтерлік елді мекендер болмаған. Қызылқала бекінісі Хорезмнің белсенді сыртқы саясаты кезеңінде көршілес оғыз-түрік көшпелілері жерінде маңызды сауда және саяси бекініс ретінде пайда болған болуы мүмкін. Деректер бойынша бұл қала әскери бекініс немесе Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасқандықтан сауда аялдмасы ретінде салынуы да мүмкін. Қалада табылған көптеген кірпіш күйдіретін, металл балқытатын пештер, көптеген бұйымдар оған дәлел бола алады. Андрей Астафьев атап өткендей “Қызылқалалықтар кірпіш өртеп, күнделікті тұрмысқа қажетті түрлі ыдыстар шығарған. Бір ғажабы солардың мықтылығы, желге де, суға да төзімділігі қайран қалдырады...”.

Андрей Астафьев пен Лев Галкин Қызылқала қаласына жүргізген қазбаның алғашқы кезеңінде қаладан көптеген балқытылған металл қалдықтарын тапқан. Яғни бұл мәлімет қалада жоғары температурада металл өңдейтін пештер мен орталықтардың болғандығына негіздеме бола алады. Кейін қаланың төменгі бөліктерінің әр аймағынан қазылған дөңгелек тұрмыстық шұңқырлар мен саз пештер табылған. Қала металл өңдеудің озық үлгісін қолданған. Қызылқалада тіпті кірпіш, тас, құмыра шығаратын зауыт болуы мүмкін. [1;18 б] Қызылқаланың көзешілері кең көлемде тұрмыстық, шаруашылық және асқа арналған ыдыстар жасаған. Саз ыдыстардың бір бөлігі нақышталған, қалыпталған өрнекпен басылған. Тіпті араб әрпімен жазылған сынықтар да кездеседі. Олардың кейбірі Хорезм және Ираннан жеткізілген. Кейбір тұрмыстық тіршіліктерде шөлмек ыдыстар да қолданылған. Ал қала ішіндегі жеке бөлмелерді безендіру үшін кірпіштерді ойып қолданған. Үйлер шағын бөлмелер ретінде қала орталығында тұрғызылған. Айтылғандай олардың бәрі кірпіштен тұрғызылған.

Сол кезеңдегі ірі сауда жолы - Ұлы жібек жолының солтүстік тармағы Каспийді жағалап, Сарайшыққа қарай бағытталған. Сондықтан Қызылқала Ұлы Жібек жолының аялдмасы, сауда қаласы ретінде танылуы әбден мүмкін. Зерттелгендей қалада металл өндірілген, егістіктер болған, сондай-ақ Хорезммен байланысы бар болғандықтан қаланың жақсы сауда байланыстарын жасауға мүмкіндігі болды. Маңғыстаудың Қаратау тауынан өндірілетін жергілікті мыс, темір және қорғасынның экспортталуы қала қазынасының басты кірісінің құраушысы болған. Х ғасырдың екінші жартысында Қызылқала қалашығының іргетасы қаланғандықтан, бұл Хорезмдік бекіністің тұрғызылуына Маңғыстаулық бай шикізат көзі де негізгі себеп болуы мүмкін. [3;82 б]

Қызылқала жайлы қызықты деректердің бірі - онда егістік алқаптары, тіпті жүзімдіктердің болуында. Алғашында бұл теорияға ешкім де сене қоймаған. Себебі Маңғыстау - Қазақстанның шөлге айналаған, шөлді аймағы. Қазіргі уақытта бұл жерде егістік немесе жүзімдіктерден бөлек, тіпті қарапайым шөптің өзі сиреп өседі. Алайда көп жылдық зерттеулер бұл ақпаратты мойындады. Қызылқалалықтар егін шаруашылығымен айналысқан. Қала шекарасын Астафьев жетекшілігі бойынша жүргізілген аэро зерттеулер нәтижесінде аймақта жыртылған жерлердің көп болғанын дәлелдейді. Ал қазір бұл аймақтың шөлденуінің себебі- жаһандық жылынудың себептерінен деп тұжырымдалды. Сондай-ақ қала қатпарларынан әлі де бұзыла қоймаған, мықты металдан дайындалған орақ және дақылдарды ұнтақтаушы тас диірмендер табылған.

Одан бөлек Қызылқалада әртүрлі ыдыстар, алтын жалатылған моншақтар, құмыраға салынған күмістер кездескен. Осы аймақтың кейбір жерінде Сарыүйек деген жыландар кездеседі, халықтың айтуына қарағанда, олар алтын, күміс жатқан жерді қорғайды екен. Соған қарағанда бұл қалада сондай бағалы заттар болған. [1;20 б] Қызылқаланың мәдени қабатынан қоныс тұрғындары егін жеп, тамақтанған жануарлардың сүйектері жиі табылады. Сүйектердің басым бөлігі мүйізді, ұсақ жануарға, жылқы, түйе мен сиырға тиесілі. Сонымен қатар жергілікті арқардың өзге түрі, қарақұйрық пен киіктің сүйектері де кездеседі. Қаладан бекіре балығының таразылары табылған. Осы жердің жергілікті балықшылары Қызылқалалықтарға бекіре тұқымдас балық пен түрлі уылдырықтар жеткізіп отырған.

М. Елеуовтың жетекшілігімен жүргізілген қазба жұмыстары кезінде қазіргі уақыттың жас жеткіншектері де ойнайтын асықтар табылды. Қала аумағындағы бір шұңқырдан өте көп мөлшердегі асықтар қазылған. Олардың саны 98 жетеді. Кейбір асықтарда ойыншылардан қалған таңбалар да болған. Қызылқалада табылған бұл үй жануары сүйектері олардың мал шаруашылығымен

айналысқандығының бірден бір дәлелі. Сонымен қатар қалашықта зергерлік шеберханалардың болғанын нақты дәлелдейтін материалдар табылды. Майда салпыншақтарды өңдеуге арналған тастан құйылған қалыптың сынығы зергерлік шеберханалардың болуының ең маңызды дәлелі. Шөлмек кілегейі, қызыл маржан, нефрит, сугас, каури бақалшағы, балтық кәріптасы мен ауған көк тасы сияқты заттардан әйелдерге арналған әшекейлер жасалған. [2; 42-43 б]

Қызылқаланың халық өмір сүрген тұрғын бөлмелері толықтай керекті заттармен жабдықталған. Тамақ пісіру мен жылытуға екі түрлі ошақ қолданылған, тоңазытқыш ретінде көлемді ыдыс - хум пайдаланылған, су тасу үшін кәріз жүйелері орналастырылған, шағын аулаларда әжетханалар жасалған. [2; 21 б] Осыншама үлкен архитектуралық озық үлгіде салынған бекініс қала тағы да бірнеше ғасырлар өмір сүргенінде өз кезеңінің ең дамыған орта ғасырлық қаласы болар еді. Бұл қаланың қазіргі таңда атағы шықпауының бірден бір себебі жүйелі түрде зерттеудің жүрмеуі еді. Себебі археологиялық экспедиция барысында қаланың зерттелуіне жеткілікті қаржы бөлінбеді. Қала Маңғыстау облысының көрнекті жерінде, көлік торабының бойында орналасқанымен, туристтер тұрмақ жергілікті халық та қала жайлы ақпараттардан бейхабар. Бұл қала жайлы ешқандай насихат жұмыстары жүрмегендіктен. Сондықтан Маңғыстау аймағындағы тарихы мол ескерткіштерді кешенді түрде зерттеу - қазіргі археологтардан күтетін үлкен бір жұмыс дей аламыз. Археологиялық жұмыстар әлі де өз жалғасын тапса, қала тарихынан күтер жаңалықтар көп.

Қорытынды

Маңғыстауда орналасқан Қызылқала қаласы өзінің тарихи маңызы жоғары мәдени мұралардың бірі. Сондай-ақ көпшіліктің көңілін аудартатындай ауқымдыда тартымды орын болып табылады. Қызылқаланың туристік нысан ретіндегі мүмкіндігі өте жоғары деп бағалауға болады. Себебі Қызылқала қаласы Маңғыстау облысының орталығында, теңіз деңгейінен 300 метр биіктікте орналасқандықтан, қала табиғи ландшафттың ерекше көріністерімен үйлесім тапқан. Оның айналасында шөлді және жартасты қыраттар, сондай-ақ көпшілік жиі баратын Шерқала тауы мен Айрақта петроглифтері сияқты тарихи-мәдени нысандар іргелес орналасқан. Қаланың туристік нысан ретіндегі даму жоспары жасалып, жүйелі жұмыстар жүргізілсе ескерткішке келушілердің саны артып, мәдени шаралар өткізіліп және жергілікті халықтың әлеуметтік ахуалына да оң әсерін тигізеді. Географиялық тұрғыдан, Қызылқала өте оңтайлы жерде, яғни аудан орталығына не бары 30 км жерде күре жолдың бойында орналасқан. Бұл ескерткішке коммуникациялық жүйелерді тартуға жақсы мүмкіндік берді. Жалпы Маңғыстау өңірінде туристер тамашалайтын ортағасырлық қала ескерткішінің жоқ екендігін ескеретін болсақ, біздің бұл ойымыздың маңызы тіптен арта түседі. Сондықтан қазір де бұл қала жайлы әлде де болса кешенді зерттеулер жүргізіп, туристік нысан ретінде қолға алу мәселесі кезек күттірмейтін жұмыстар дер едік. Егер осы идеялар толығымен қолға алынып, жүйелі орындалса Қызылқала қаласы халық көп келін тамашалайтын жергілікті туристік дамыған ландшафт болары сөзсіз.

Қаланың Бозашы түбегінен Хиуа мен Хорезмге өтетін сауда жолының бойында, Ақмыш бастауы мен Шерқала тауының етегінде орналасуы оның сол дәуірдегі экономикалық, саяси және әскери маңызын дәлелдейді. XX ғасырдың 70-80 жылдары Л. Галкин бастаған зерттеушілер қаланың топографиялық құрылымын, бекініс қабырғалары мен рабад аймағын алғаш сипаттап, Қызылқаланың сауда орталығы әрі әскери бекініс болғанын айқындады. Бұл зерттеулерді 2004 жылдан бастап А.Е. Астафьев жетекшілік еткен археологиялық топ жан-жақты толықтырып, қаланың құрылыс кезеңдерін, шынайы өмір сүрген мерзімін және мәдени қабаттарын нақты белгіледі.

Қазба материалдары Қызылқаланың X ғасырда қалыптасып, XIII ғасырдың бірінші жартысында ғана өмір сүруін тоқтатқанын көрсетті. Шыңғысхан әскерлерінің Хорезмге жасаған жорығынан кейін қаланың тіршілігі үзілген болуы мүмкін. Қалада табылған металл балқыту пештері, қыш күйдіретін ошақтар, зергерлік қалыптар, бағалы тастар мен моншақтар Қызылқаланың дамыған қолөнерді, металлургияны және тұрмыстық өндірісті меңгергендігін аңғартады. Сонымен қатар қала маңының аэро зерттеулері егістік алқаптар мен жүзімдіктердің болғанын дәлелдеп, Қызылқаланың тек шөлейт өңір емес, бір кездері егін және бау-бақша шаруашылығы дамыған аймақ болғанын айқындап отыр.

Бүгінде Қызылқала - Маңғыстаудағы ең әлеуетті нысандардың бірі. Шерқала мен Айрақты сияқты табиғи және мәдени ескерткіштерге жақын орналасуы, көлік жолына қолайлы орналасуы оны өңірдің маңызды туристік орталығына айналдыруға мүмкіндік береді. Қаланың жүйелі түрде зерттелуі мен таныстырылуы Маңғыстаудың мәдени мұрасын кең көлемде танытуға зор үлес қосатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Отчет о научно-исследовательской работе «Разработка проекта охранной зоны памятника истории и культуры», «Городище Кызылкала, урочище Акмыш» Мангистауского района, Мангистауской области // Научный руководитель - Захаров С.В. Алматы 2017.
2. «Қызылқаланың археологиялық ескерткіштерін зерттеу» жобасы бойынша 2008 жылы жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстары туралы есеп // Жоба жетекшісі - М.Елеуов. Алматы 2008.
3. Ақылбеков С.А., Маңғыстаудың ежелгі қалалары. Зерттеуші - Исследователь. 2014.
4. Калменов М.Д. Средневековые памятники Устюрта и Мангистау на караванных путях. Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. XVI. - Алматы: Институт археологии имени А.Х. Маргулана, 2023. - 168 с.
5. Қондыбай С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. 2007

ПАВЛОДАР (КЕРЕКУ) Өңірі Жер-су атауларының ОНОМАСТИКАСЫ

Несіпбек Ю.С.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті.

Электрондық адресі: yusufsakenuly@gmail.com

Астана қ.

Андатпа. Бұл мақала Павлодар қаласы мен облысының топонимикалық жер-су ономастикасын, оның сөзжасамдық және тарихи-мәдени астарларын зерттеуге арналған. Павлодар өңірінің жер-су атаулары ономастика ғылымының лексика саласындағы сөзжасамның өнімді қызметін анық көрсету үшін пайдаланылған. Зерттеуде топонимдерді талдаудың негізгі әдістері ретінде лексика-семантикалық классификация, синтетикалық және аналитикалық тәсілдері қолданылған. Топонимдерді семантикалық тұрғыдан екі үлкен типте қарастыруға болады: жаратылысқа қатысты және адамдардың іс-әрекетіне, тұрмысына қатысты атаулар. Мысалы, *Қыраш* сияқты оронимдер *қыр* сөзіне кішірейткіш жұрнақ қосылу арқылы "шағын, аласа ғана қыр" деген мағына тудырады. Зерттеулерде Павлодар топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары Қ.Т. Сапаровтың еңбектері негізінде талданды.

Мақалада Павлодардың тарихи атауы - Керекү екені, бұл атаудың түп-төркінін Қимақ дәуірінен іздеуге болатыны айтылған. Алайда, қалаға 1861 жылы нәресте князь Павелдің құрметіне Павлодар атауы берілуі отаршылдық саясаттың белгісі болды. Қазіргі Павлодар облысы аумағында Ленин, Совет, Октябрьское, Красноармейка сияқты идеологиялық тұрғыдан ескірген және діни көзқарастарға байланысты атаулар көптеп кездеседі. Бұл атауларды тарихи жер-су атауларымен немесе ұлттық танымға жақын Атамекен, Азаттық сияқты дәстүрлі атаулармен ауыстыру ұлттық сананы жаңғырту және патриотизмді нығайту үшін аса маңызды міндет болып табылады.

Кілт сөздер : Топонимика, ономастика, Павлодар, Керекү, жер-су атаулары, сөзжасам, гидронимдер, оронимдер, ұлттық сана.

Аннотация. В статье рассматриваются топонимические названия Павлодарского города и области, их словообразовательные, историко-культурные аспекты. Топонимы Павлодарского региона используются для того, чтобы наглядно көрсету продуктивную роль словообразования в лексике ономастики. В исследовании применены основные методы анализа топонимов: лексико-семантическая классификация, синтетический и аналитический подходы. Семантически топонимы можно рассматривать в двух крупных типтере: названия, связанные с табиғи орта, и названия, отражающие человеческую деятельность и быт. Например, такие оронимы, как *Қыраш*, образуются путём присоединения уменьшительного суффикса к слову *қыр* и выражают значение «небольшой, невысокий холм». При рассмотрении геоэкологических предпосылок формирования павлодарских топонимов опирались на труды К.Т. Сапарова.

В статье отмечено, что историческое название Павлодара - Керекү, и истоки этого этнонима восходят к эпохе Кимаков. Однако присвоение городу в 1861 году названия Павлодар в честь младенца-князя Павла стало проявлением колониальной политики. На территории нынешней Павлодарской области до сих пор встречается множество идеологически устаревших и религиозно окрашенных названий, таких как Ленин, Совет, Октябрьское, Красноармейка. Замена таких топонимов историческими наименованиями или традиционными, близкими национальному мировоззрению -